

Қ.Сүндетұлы

*т.ғ.к., аға оқытушы, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАСПАХАНАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)

Күн сайын сан мыңдаған оқырмандарының көзайымына айналған газеттердің жарыққа шығуына қаламы ұшқыр журналистер ғана емес баспа ісінің шеберлерінің өлшеусіз еңбегі жатқанын бір адам біліп, бірі білмес.

Әрине, бүгінгі таңда мерзімді басылымдардың барлығы редакцияда компьютермен теріліп, баспаханада «ORIENT» стандарт, «ORIENT» супер үнді-американ машиналарымен 2 сағатта 24 бетті 25 мың дана газетті басылатынына осыдан 100 жыл бұрын өмір сүрген адамдардың сене қоюуы да қиын шығар ?!

Ертеде балшықтан, көрікте күйдірілген қоладан жасалған литерге газеттер басылған болса, кейін Германияда 1450 жылы Иоганн Гутенберг баспа станогын ойлап тапты. Ресейде «Печатный двор» деген атаумен 1563 жылы Иван Федоров басқарған баспахана жұмыс істеді.

Қазақстандағы алғашқы газет-журналдар Қазан, Ташкент, Орынбор, Троицк қалаларында басылып қана қоймай, Орал қаласында татар баспагерлері ұйымдастырған баспаханаларда жарық көрді. Орал қаласында «Фикер» («Мысль») газеті мен «Ал-гасруль-джадид» («Жаңа ғасыр») журналының редакторы Камил Мутыги Тухватулин мен татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайлардың баспа ісінде өзіндік қолтаңбалары қалды. Осы басылымдарда мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысынан хабарлар басылған. Ғалым Фарит Яхин «Татарская литература в периодической печати Уральска (1905-1907 гг.)» атты еңбегінде былай деп жазады: «... Стремясь пробудить у казахского народа национальное самосознание, татарская пресса Уральска публиковала статьи и на казахском языке, распространяя идеи освободительного движения, проявила себя поборником интернационализма, звала народы бороться, взаимно помогая друг другу. Поднимая проблемы, связанные с казахами, она старалась исходить из интересов казахского народа, его национально-освободительных устремлений» [1].

Еліміздің батыс аймағында тұңғыш рет ана тілінде жарық көрген «Қазақстан» газеті Астрахань қаласында басылды. Бірақ газеттің редакциясы Борсыдағы Шәңгерей Бөкеевтің үйінде орналасқан еді, материалдарды Ғ.Қараш пен Е.Бұйрин кезектесіп Астраханьға поезбен

апарды. «Бұл газет Бөкей мен Орал губернияларында жасырын ұйымдасқан кәсіпшілер одағының органы еді. Бұл – бір. Екіншіден, «Қазақстан» Астраханьдағы большевиктер баспаханасында басылды, осы баспахананың жетекшісі С.Г.Шаумян болды», - деп қорытынды жасайды тарихшы М.Ысмағұлов [2].

Қазақстанда алғашқы баспа ісінің қанат алуы осы Бөкей ордасынан басталды. 1918 жылы қазан айында Орда қаласында жаңа кеңес өкіметі комитетінің жанынан баспа бөлімі мен аудармашылар тобы құрылады. Аталмыш бөлімнің бірнеше секциясы болған: баспа секциясын Ишанғали Меңдіханов, аударма секциясын Сейітқали Меңдешев басқарған (кейін қазақ мемлекеттік баспасының Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің арнаулы Декретімен 1920 жылы 3 қарашасы күні құрылады).

Батыс Қазақстанда алғашқы жаңа кеңестік газет «Ішкі Ордалықты басқарушы облыстық кіндік комитетінің хабары» атты газет Орда қаласында 1918 жылы 17 қарашада Орда қаласындағы баспаханада жарық көреді. Газетті шығару үшін белгілі қоғам қайраткері болған Н.Н. Нариманов Астрахань қаласынан баспахана құрал-жабдықтарын әкелген. «Хабар» газетінің алғашқы санының әріптерін өз қолымен тергендердің бірі – Ибраһим Мулякаев еді. «Бұл газеттің шығуын, - деп әңгімелеген қария, - Орданың байлары ұната қоймады. Сондықтан Анохин бандасына арқа сүйеген олар бұл газетті, оның баспаханасын құртып жіберуге әрекет жасады. Біз болсақ баспахананың қажетті материалдарын баспахана подвалына тығып тастадық. Бандалар баспаханаға кіріп, біз қалдырған жарамсыз әріп пен жабдықтарды тас-талқан етіп кетті.

Орданы ақбандылардан қорғауда коммунистер әріп теруші Доборов, баспашы Романенко жау қолынан қаза тапты» [3]. Белгілі баспагер И.Мулякаев - «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы», «Қызыл Ту», «Екпінді құрылыс», «Октябрь туы» және «Орал өңірі» газеттерінің барлық санын өз қолымен терген жан.

Қазан төңкерісінен кейін газеттерді шығару өте қиын жағдайда жүрді. Елде ұзаққа созылған Азамат соғысы мен ақбандалардың бас көтерулері баспахана жұмысын тұрақты ұйымдастыруға кесірін тигізгені жасырын емес. Осыған байланысты баспахана үшін маман кадрлар мен құрал-жабдықтар қорын ұйымдастыру міндеті тұрды. Орал қаласындағы баспахана директоры болып В.В.Григорьев 1918 жылдың 1 қазанында тағайындалады. Ол баспахана жұмысын жолға қою мақсатында Орал уездік Әскери комиссариатына Халық Шаруашылығы Кеңесі арқылы Чапаев дивизиясының №25 атқыштар бөлімінен граффильщик-түптеуші В.Козлов, запастағы полк ротасынан әріп теруші С.Максимов, №50 дивизияның 1 штабынан түптеуші К.Тамерлаков, №25 дивизияның запастағы баталонының 2 ротасынан баспашы П.Кудашевтарды баспахана үшін әскери қызметтен босатуды сұрап хат жазды [4]. Жергілікті газеттің жұмысына өз еркімен сұранып, ұрыс даласында жүрген солдаттар да келе бастады. Мысалы, №192 Төменгі-Орал атқыштар полкінің әскери қызметшісі В.И.Грачев соғысқа дейін баспаханада әріп теруші болғандығын ескертіп, осы жұмысқа сұранған [4, 96 п.].

Азамат соғысы зардаптарынан баспаханаларда қажетті материалдар (қағаз, бояу, әріптер, түрлі темір бөлшектері) мөлшері жетіспей жатты. Орал Халық Шаруашылығы Кеңесіне (УСНХ) «Яицкая Правда» газеті баспаханасының директоры 1919 жылы 31 қазан күні жазған № 998 қатынас хатында мынадай жолдар бар: «1919 жылы 1 қарашасына дейін Полиграфиялық бөлімнен берілген 7 фунт баспахана бояуы тек қана «Яицкая Правда» газетінің бірнеше №№ шығаруға жетеді, сондықтан егер газетті басу жалғастырылса 3 қарашаға ғана жетеді, демек барлық баспа ісі, бұйрықтарды басу тоқтайды» деп осы газеттің жұмысын уақытша тоқтата тұруға рұқсат сұраған [4, 1-іс, 104-п.]. Саяси маңызы бар газеттің жарық көруін қамтамасыз ету мақсатында көп ұзамай қажетті бояулар бөлінеді.

Заманның осы қиын кезінде полиграфиялық құрал-жабдықтар: теру машинасы, қағаз, шрифтiлер, бояулар, түптейтiн маталар Қазан қаласынан тасылды. Орал губерниелiк партия пленумының 1920 жылы 2 сәуiр күнi өткен № 35 алқасы мәжiлiсi төмендегiдей қаулы қабылдаған: «Тыңдалды: § 5. Қазан қаласынан № 4 армия бөлiмi арқылы қазақ-татар әрiптерiн алдыру туралы.

Қаулы етедi: 4. № 4 армия бөлiмiне Халық Шаруашылығы Кеңесi арқылы қаржы бөлiп, алынатын әрiптердi губком қарамағына алу және осы мақсатта екi жолдасты iс-сапарға жiберу қажет деп табылсын» [5].

1921 жылдың 18 ақпанында Орал губерниелiк полиграфиялық бөлiмiнде барлығы 143 адам еңбек етсе, оның 31-i қызметшi болды. Бiрақ өндiрiстiң жаңа қарқын алуына байланысты 53 адамды жаңадан қабылдауды сұрап Бүкiлодақтық Халық Шаруашылығы Кеңесiнен рұқсат сұраған [4, 18-іс, 7- п.]. Сөйтiп жаңа кеңестiк өкiметтiң тапсырмаларын бұлжытпай орындауға баспахана өкiмшiлiгi белсене кiрiстi.

Орал губерниесiне қарасты Гурьев уезiнде баспахана iсiн жолға қоюда Федор Светославич Головановтың ерекше қолтаңбасы бар. Ол 1908 жылы он бес жасында Орал қаласындағы екi кластық бастауыш училищесiн бiтiргеннен кейiн, «Войсковые ведомости» атты газетте әрiп терушi болып жұмыс iстейтiн әкесiнiң қарамағына келедi. Баспа iсiнiң қыры мен сырын үйренген шебер баспашы 1918 жылы желтоқсанда Гурьевке келiп, «Яицкая воля» газетiн ж.Фаресов дегеннiң баспаханасында шағын тиражбен шығаруға кiрiседi. Гурьев қаласы 1920 жылы 5 қаңтарда ақтардан тазартылғасын, жаңа кеңестiк газет шығаруға шұғыл тапсырма алады. Баспахана директоры болған Ф.С.Голованов сол кездi былайша еске алады: «Ертеңiне таң сәрiден жұмысқа кiрiстiк. Баспаханада жұмысшы дегенде 6 әрiп терушi, 2 газет басушы ғана болатын. Ол кезде қазiргiдей электр жоқ, тiптi газет басатын машинаның дөңгелегiн де қолмен айналдырамыз. Арнаулы түптеушi де жоқ. Бүкiл газет материалдарының әрiптерiн теретiн де, түптейтiн де, баспа машинасының дөңгелегiн айналдыратын да сол сегiзбiз. Мұны көрген саяси бөлiмнiң өкiлдерi бiзге көмекке екi қызыл әскер бөлдi, кешiкпей түптеушi де табылды. Қашып кеткен буржуйлардың қоймаларынан

түптейтін станоктар, баспаханаға керекті басқа да құралдар тауып алдық» [6]. Сөйтіп, 1920 жылы 8 қаңтарда «Красный Гурьевский вестник» («Трудовая правда» - Қ.С.) атты газеттің тұсауы кесіледі.

Гурьев уезінде орыс тілінде жарық көрген бір газетті шығаруда баспахана қызметкерлері қиыншылықтарға кездесті. Алдымен газет редакторы деген арнайы ақылы штат болмағандықтан, баспаханаға жіберер алдында қол қою насихат-үгіт бөлімі меңгерушісі немесе уезком хатшысына бұйырды. Екіншіден, газетті шығаруға қажетті қағаз Орал қаласынан келетін болғандықтан арада үзіліс болып тұрды. «Трудовая правда» газетін шығару үшін қағаз сұраған мәселеге РКП(б) Гурьев уездік комитетінің 1921 жылғы 12 қаңтардағы № 6 және 1921 жыл 2 ақпан күні өткен №11 мәжілістерінде арнайы тоқталғаны осы жағдайдан туындаған еді [7].

Газетпен бірге баспахана ескі екі «Бостон» машинасымен жергілікті уездік партия комитетінің үндеулерін, өндірістік мекемелердің бланкілерін басып шығарды. Орал қаласынан келген әріп терушілер мен баспашылар жергілікті халықтан оқушы-үйренушілерді тәрбиелеуге зор үлес қосты. Гурьев уездік Халық Шаруашылығы Кеңесіне қарасты баспахана директоры В.С. Головановтың жоғарғы органдарға берген 1921 жылы 29 сәуір күні № 384 есебінде мынадай жолдар бар: «Теру бөлімінде – 4 әріп теруші, 4 үйренуші және 3 оқушы-жұмысшы; басу ісінде – 2 баспашы, «Бостонда» жұмыс істейтін 1 накладчик, 1 оқушы және 3 үйренуші; түптеу бөлімінде – 1 түптеуші және 1 үйренуші бар. Баспахана мекемесінде 1 баспахана директоры, 1 есепші, 1 түптеуші, 1 қойма меңгерушісі, 1 зат жіберуші, 1 күзетші, 1 еден жуушы, 1 от жағушы еңбек етуде.

Аталған мерзімде баспаханада төмендегідей жұмыстар жүзеге асырылды:

1. Теру бөлімі арқылы 5 «Трудовая Правда» газеті терілді.

2. 16 әр көлемдегі бұйрықтар мен 63 әр түрлі формалы бланкілер басылды.

3. Басу бөлімінде сонша газет, бұйрықтар, бланкілер басылып 65.075 оттискі (басылым көшірмесі – гранкіден, беттен, клишеден байқап көру үшін алынған із таңба – Қ.С.) болған.

4. Түптеу бөлімінде 40 канцелярлық кітап және 10 осындай кітап түптелді» [4, 14- іс, 13- п.].

Орталықтан қашық болғандықтан Гурьев қаласындағы баспаханаға қағаз, бояу және т.б. заттар Жайық өзені арқылы Оралдан пароходпен тасылды. 1921 жылы 2 желтоқсан күні өткен Гурьев уездік партия комитетінің мәжілісінде «Трудовая Правда» газетінің көлемін ұлғайту мәселесі қаралады. Мәжілісте сөйлеген уезком мүшесі ж. Тимофеев газет көлемін өсірумен қатар кейбір қиыншылықтардың да туындайтынын атап

өткен. Әсіресе, қыс айларында тасымалдау тоқтап қалатындығын ескерте отырып, қағазды үнемдеу мақсатында газет таралымын азайту қажет деп ұсыныс жасаған [5, 394-іс, 57-58-п.].

Кеңестік жаңа үкімет бұқара арасында саяси-әлеуметтік және оқу-ағарту жұмысын кеңінен жүргізу үшін баспа ісіне көңіл бөліп отырды. Күн өткен сайын баспахана өндірісін жолға қою мақсатында Қазан, Мәскеу қалаларынан жаңа баспа машиналары әкелінді. Орал қаласы, Совет көшесі №7 үйде орналасқан П.Т.У. баспаханасының директоры Александр Кокановтың 1923 жыл 14 маусымда өз мекемесі туралы жазған есебінде мынадай жолдар бар:

«Теруші саны – 17.

Басушы – 8.

Түптеуші – 3.

Накладчик – 3.

Дөңгелек айналдырушы – 6.

Расборщик – 6.

Линевщик – 1.

Тағы басқа қызметкерлер – 10.

Баспаханадағы машиналар:

Плоский – 11; 10-ы қалыпты; 1 бұзық.

Американдық – 2; 2-уі қалыпты.

Бостон – 1; 1-уі бұзық.

Тискальды станок – 2; 1-уі қалыпты; 1-уі бұзық.

Кесу апараты – 4; 3-уі қалыпты.

Түрлі машина – 7; 7-уі қалыпты жұмыс істеп тұр [8].

Губерниелік газеттер үнемі баспаханаға қарызданып отырған, сөйтіп тығырықтан шығу жолы деп олардың басын біріктіру жүзеге асты. Мекеме 1923 жылы 6 желтоқсан күні барлық дүние-мүлкімен «Красный Урал» редакциясы қарамағына өтеді. Сол күнгі мәжілісте Т. Киселов баяндама жасап, баспаханың редакция қарамағына берудің тиімділігін дәлелдеген. «Красный Урал» мен «Қызыл Ту» газеттері үшін қағаз, т.б. заттармен қоса қазақ газеті үшін («Қызыл Ту») әріптер алу үшін 1500 сом қаржы бөлінген [9]. 1919 жылдың ақпанында құрылған баспаханың сол кезде жасалған алыс-беріс комиссиясының актісінде басу бөлімінде - 11 басу машинасы, 2 «американка» және түрлі валиктер, 8, 9, 15, 16 квадраттық әртүрлі ағаш әріптер болған.

Баспаханың материалдық қорын жасақтау жергілікті атқару комитеті күн тәртібінен түспеді. Орал губерниелік жоспарлау комитетінің 1927 жыл 4 наурыз күнгі №14 кезекті мәжілісінде баспахана мәселесі талқыланған. Басқосуда баспахана директоры ж.Трескин өндірісте баспа машиналары мен жұмысшы күші толығымен жеткілікті екендігін айта келіп, әбден тозған әріптерді жаңалауға қаржы бөлуге ұсыныс білдірген. Мәжілісте сөйлеген ж.ж.Копылов, Валинчус мекемелер берген бланкілер

құны әр түрлі қымбат болатындығына ескерткен. Қабылданған қаулыда баспахананың 1926/27 жылдарға арналған өндірістік жоспары беркітіліп, өнімнің өзіндік құнын төмендету, қолда бар мүмкіншілікті орынды пайдаланып, баспахана өнімдеріне тұтынушылардың сұранысын арттыру қажеттігі атап көрсетілді [9, 8-т., 71-іс, 131- п.].

Баспаханалар қашан да жұмыссыз отырмайды. 1927 жылы 1 тамызда Қазақстандағы баспаханалардың қызметі туралы ҚССР мемлекеттік баспа ісі меңгерушісінің ҚССР Халық Комиссарлар төрағасына берген есебінде Орал қаласындағы баспахананың ұнамды жұмыстарын атап өткен. Орал губерниесіндегі полиграфия өнімін сату мен өткізу, осыған орай, баспаханаларды көбейткіш машиналар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жөйі басты назарда ұсталды. 1927 жылы 28 сәуірде Орал губерниелік атқару комитетінің мәжілісінде «Полиграфиялық өндіріс кәсіпорындарын ашу тәртібі мен оларды көбейткіш аппараттармен қамтамасыз ету» туралы мәселе қаралды. Қабылданған қаулыда, баспахана өнімі мен баспа машинкаларын, көбейткіш құралдарын (ротатор, стеклограф) сатуға тілек білдірген мемлекеттік мекемелер мен жеке серіктестіктердің жұмысын ретке келтіру мақсатында арнайы рұқсат алуы тиіс деп шешілді. Олардың барлығы алты ай сайын екі данамен есеп беру міндеттелді. Бұл тәртіпті бұзған мекемелер әкімшілік жазаға тартылып, 100 сом злотых немесе 1 айға еріксіз еңбек етуге айып салынатындығы ескертіліп, милиция органдарына осыны қадағалау мәртебесі берілді [9, 8-т., 71- іс, 154- п.].

Қорыта келгенде, Батыс Қазақстан мен Атырау облысының баспа ісінің дамуы өзіндік қиыншылықтарға қарамастан уақыт үрдісінен қалмады. Күн өткен сайын материалдық қоры жасақталып, жаңадан ашылған курстарды бітірген маман кадрлар келе бастады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Яхин Ф. Татарская литература в периодической печати Уральска (1905-1907 гг.). Казань: Татарское книжное издательство, 1992. – 40, 45 с.
2. Ысмағұлов М. Абзал азамат // Орал өңірі. – 1977. – 12 ақпан.
3. Сүлейменов Х. Қарт полиграфист // Орал өңірі. – 1968. – 17 қараша.
4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 66 - к., 1 - т., 5 - іс, 366 - п.
5. БҚ ОММ 1- к., 1- т., 57- іс, 48- п.
6. Голованов Ф.С. Есімнен кетпейтін жылдар // Атырау. – 2008. – 1 сәуір.
7. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 3- к., 1- т., 16- іс, 16, 25- п.п.
8. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ) 81- к., 1- т., 745- іс, 346- п.
9. ҚРОММ 5- к., 4- т., 77-іс, 36- п.

В данной статье рассматривается тема развития типографии в Уральской губернии и Гурьевском уезде.

In given article printing house development in the Ural province 2 the Guryev district is considered.